



## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

**6B01709 - Ағылшын тілін білетін шығыс тілі мұғалімі**

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ</b>	<i>Шығыс және ағылшын тілдерін жоғары деңгейде меңгерген, заманауи метапәндік, коммуникативтік, цифрлық, кәсіпкерлік құзыреттілікке ие, жоғары сапалы оқыту контентін құруға және білім беру процесін ұйымдастыруға қабілетті мұғалімді даярлау.</i>
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- білім беру (педагогикалық);</li><li>- оқу-тәрбие;</li><li>- оқу-технологиялық;</li><li>- әлеуметтік-педагогикалық;</li><li>- эксперименттік-зерттеу;</li><li>- ұйымдастырушылық-басқарушылық;</li><li>- ақпараттық-коммуникациялық</li></ul>
<b>ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)</b>	<p>ОН 1-пәндік және пәнаралық саланың іргелі заңдылықтарының тұжырымдамалық және теориялық негіздерін түсіну және біріктіру;</p> <p>ОН 2-алынған ақпаратқа сүйене отырып, білімді практикада қолдану;</p> <p>ОН 3-оқушылардың сыни ойлауын дамыту, шығармашылыққа ұмтылу, мәселелерді бірлесіп шешу мақсатында ғылым жүйесіндегі пәннің орны мен құндылықтарын, қазіргі жағдайын талдау;</p> <p>ОН 4-пәнді оқытуда АКТ және сандық білім беру ресурстарын пайдалану;</p>

ОН 5 - таңдалған пәндік мақсаттарға сәйкес оқу жетістіктерін критериалды бағалау мен диагностиканы қолдану;

ОН 6-білім алушының жеке дамуына ықпал ету, өмір бойы оқуға бағытталған дамытушы білім үлгілерін көрсету;

ОН 7-топтық іс-әрекетте, тұлғааралық қатынастарда, тиімді жұмыста коммуникативтік құзыреттілікті көрсету;

ОН 8-оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттеріне, күтілетін нәтижелер мен оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес инновациялық технологияларды пайдалану;

ОН 9-ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, тіл тарихын ескере отырып, тілдік заңдылықтарды дамытудың теориялық мәселелерін тұжырымдау;

ОН 10-өз идеялары мен іс-әрекеттеріне де, басқалардың пікіріне де қызығушылық негізінде сыни және жүйелі ойлауды дамыту;

ОН 11-бейнелеу және көркем экспрессивтілік жасау мақсатында әдеби шығармаларда қолданылатын тілдік құралдарды анықтау, ұлттық мүдделер тұрғысынан шығарманың идеялары мен бағыттарын талдау;

ОН 12-белгілі бір мәселелерді талқылау үшін әлеуметтік, академиялық және кәсіби ортада байланыс орнату; күнделікті өмірдің кең таралған стандартты жағдайларында әңгімелесушінің қарым-қатынасы және аудармасы